

Облыста көмірді мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі 1998 жылғы 2 мамырдағы N 102а Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 23 маусымда N 26 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

Бюджеттік мекемелердің қажеттіліктері, жеңілдіктерді пайдаланатын жекелеген азаматтарды қамтамасыз ету үшін отын сатып алудың шығындарын кеміту, бюджеттік қаржылар мен бюджеттен тыс қорларды тиімді жұмсау мақсаттарында, осы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік сатып алулар туралы" Заңның, 1998 жылғы 25 ақпандағы N 141 Р980141_ Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысын басшылыққа ала отырып, облыс әкімі **ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:**

1. 1998-1999 жылдардағы жылыту кезеңіне мемлекеттік мекемелер үшін / денсаулық сақтау, білім, мәдениет және спорт, тұрғындарды әлеуметтік қорғау және Қазақстан Республикасы заңдылықтарына сәйкес жеңілдіктерді пайдаланатын азаматтар санаттарына/ мемлекеттік отын сатып алу өткізілсін.

2. 1 қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттік тұтынушылары үшін мемлекеттік отын /көмір/ сатып алу жөніндегі конкурс /тендер/ ұйымдастырудың және өткізудің тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

3. 2 қосымшаға сәйкес конкурстық /тендерлік/ комиссияның құрамы б е к і т і л с і н .

4. Орындауға бақылау жасау тендерлік комиссия төрағасы, облыс әкімінің орынбасары Е.Х. Сұлтановқа жүктелсін.

О б л ы с ә к і м і